- бақылаушы орган - Ішкі аудит қызметі.

10. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

10.1. Қоғам жыл сайын акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын өткізіп отыруға міндетті. Акционерлердің басқа жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады. Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады және ол қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес айдың ішінде өткізілуі керек. Есеп кезеңі ішінде Қоғам қызметінің аудитін аяқтай алмай қалған жағдайда аталған мерзім үш айға дейін ұзартылған деп саналады.

10.2. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі,
- 2) Қоғамның аяқталған қаржы жылы үшін таза кірісін бөлу тәртібі және қоғамның бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшері айқындалады;
- 3) Акционерлердің қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады.

Директорлар кеңесінің төрағасы/төрайымы Қоғам акционерлеріне Директорлар кеңесі мен Қоғамның атқарушы органының мүшелеріне төленетін сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат береді.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы шешім қабылдауы акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелерді қарастыруға құқылы.

10.3. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындап, өткізетіндер:

- 1) Атқарушы орган;
- 2) Қоғаммен Жасалған шартқа сәйкес орталық депозитарий (2019 ж. 1-шілдеден бастап

қолданысқа енгізіледі);

- 3) Директорлар кеңесі;
- 4) Қоғамның тарату комиссиясы.

10.4. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Қоғам Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Қоғамды ерікті түрде қайта құру немесе тарату;
- 3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
 - 3-1) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;
 - 3-2) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
 - 3-3) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттарын, мерзімдері мен тәртібін айқындау;
- 4) Санақ комиссиясының сандық құрамын және өкілеттіктер мерзімін анықтау, мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 5) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, мүшелерін сайлау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 6) Қоғам аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды белгілеу;
- 7) Жылдық қаржы есептілікті бекіту;
- 8) Қаржы есеп жылындағы Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау, Қоғамның бір жай акциясына деген есеппен дивиденд мөлшерін бекіту;
- 9) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
 - 9-1) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 10) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
- 11) Қоғам акцияларды «Акционерлік Қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13-мамырдағы № 415-ІІ Қазақстан Республикасының заңына сәйкес сәйкес ұйымдастырылмаған рынокта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);
- 12) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 13) Акционерлерге Қоғамның қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін анықтау;
- 14) «алтын акцияны» енгізу және жою;
- 15) Нәтижесінде акционерлік Қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдауы;
- 16) Шешім қабылдау заң актілерімен акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

10.5. Осы баптың 10.4 тармағының 2)-3) және 16) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беру акцияларының жалпы санының маманданған көпшілігімен қабылданады.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен басқаша белгіленбесе, қалған мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беру акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналысы орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау бөлігінде осы баптың 1-тармағының 3-3) тармақшасында көрсетілген мәселе бойынша шешім қабылдаған кезде артықшылықты акцияларды иеленетін акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін шешім орналастырылған (сатып алынғандары шегеріле отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі осындай шешім үшін дауыс берген жағдайда ғана қабылданды деп есептеледі.

10.6. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

10.7. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады. Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы келесілердің бастамасы бойынша шақырылады;

1) Қоғамның Директорлар кеңесінің;

2) Қоғамның ірі акционерінің.

Ерікті тарау процесіндегі Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын Қоғамның тарату комиссиясы шақыра алады, дайындай алады және өткізе алады.

10.8. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімін орталық депозитарий Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімдер жүйесі деректерінің негізінде құрастырады. Аталған тізім құрастырылатын күн жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбейді.

10.9. Акционерлерге («алтын акцияның» иесіне) алда акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күннен - күнтізбелік отыз күн бұрын, ал өткізу кезінде бір немесе одан көп акционерді хабардар ету үшін пошта байланысы құралдары пайдаланылатын сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында күнтізбелік қырық бес күн бұрын хабарлануға тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялануға не оларға жіберілуге тиіс. Егер компания акционерлерінің саны елу акционерден аспаса, хабарлама акционерге жазбаша хабарлама жолдау арқылы жіберілуге тиіс. Мерзім «Акционерлік Қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13-мамырдағы №415-II Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес акционерлерге хабар берілген күннен бастап есептеледі.

10.10. Шешімі қатысу немесе аралас дауыс беру арқылы қабылданатын қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада:

1) Қоғамның толық атауы және атқарушы органының орналасқан жері;

2) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;

3) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы өтетін күн, уақыт, орын, жиналыс қатысушыларын тіркеу басталатын уақыт, сондай-ақ бірінші жиналыс болмаған жағдайда, Қоғам акционерлерінің қайта шақырылатын жалпы жиналыс өтетін күн, уақыт;

4) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімі жасалған күн;

5) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібі.

7) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі;

8) Сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі;

9) Оларға сәйкес Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілетін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары болуға тиіс.

Акционерлердің қайтадан өтетін жалпы жиналысы акционерлердің алғашқы (болмай қалған) жалпы жиналысы өтеді деп белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте белгіленбейді.

10.11. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдауға қажетті ақпарат болуға тиіс. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Қоғамның жылдық қаржы есептілігін, жылдық қаржы есептілігіне аудиторлық есепті, Директорлар кеңесінің аяқталған қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстарын қамтуға тиіс.

10.12. Жиналыс қатысушыларын тіркеу аяқталған кезде (акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде барлық бюллетеньді ұсыну күні не

бюллетеньдерді ұсыну мерзімі аяқталған күні) акционерлер тізіміне енгізілген, қатысуға, дауыс беруге құқылы, Қоғамның дауыс беру акцияларының елу және одан да көп пайызына ие акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркелген болса, акционерлердің Жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселелерін қарастырып, олар бойынша шешім қабылдауға құқылы болады.

- 10.13.** Акционерлерге сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер (бірыңғай нысандағы) жіберілген жағдайда аталған бюллетеньдерде көрсетілген және Қоғам жалпы жиналыс қатысушыларын тіркеу кезінде алған дауыстар кворумды анықтау кезінде және дауыс беру нәтижелерін жүргізу кезінде есепке алынады.
- 10.14.** Қатысушыларды тіркеу кезінде Қоғамның дауыс беру акцияларының қырық және одан да көп пайызына ие акционерлер (немесе олардың өкілдері), соның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер (немесе осындай акционерлердің өкілдері) тіркелсе, сондай-ақ кворумның болмау себебіне байланысты өтпеген акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса, болмай қалған жиналыстың орнына өтетін акционерлердің қайтадан өтетін жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселелерін қарастырып, олар бойынша шешім қабылдауға құқылы болады.
- 10.15.** Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға, ережелерге және Қоғамның ішкі қызметін реттейтін Қоғамның басқа құжаттарына сәйкес немесе тікелей акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен анықталады.
- 10.16.** Жалпы жиналыс ашылғанға дейін келген акционерлерді (акционерлердің өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысына келген акционер (акционердің өкілі) тіркелуге міндетті. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқықсыз.
- 10.17.** Акционерлердің Жалпы жиналысы кворум болған жағдайда жарияланған уақытта ашылады. Барлық акционерлер немесе өкілдері тіркеліп, жиналыстың ашылу уақытын өзгерту туралы хабардар болып, оған наразылық білдірмеген жағдайлардан басқа уақытта акционерлердің Жалпы жиналысы жарияланған уақыттан ерте ашылмайды.
- 10.18.** Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасын және хатшысын сайлайды. Акционерлердің жалпы жиналысы ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын белгілейді. Осы тармақта аталған тұлғаларды сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде «бір акционер - бір дауыс» принципі бойынша жүзеге асырылады, ал шешім қатысушылар санының жай көпшілік даусымен қабылданады. Жиналысқа қатысып отырған барлық акционерлер атқарушы органға кіретін жағдайлардан басқа уақытта Қоғамның атқарушы органының мүшелері акционерлердің жалпы жиналысында төраға/төрайым бола алмайды.
- 10.19.** Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылданады. Сырттай дауыс беру жалпы жиналысқа қатысатын акционерлердің дауыс беру жолымен (аралас дауыс беру) немесе жалпы жиналыс отырысын өткізбей қолданылуы мүмкін. Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде дауыс беруге арналған бюллетеньдер осы Жарғының 10.8 тармағына сәйкес акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға таратылады (жіберіледі). Қоғам акциялары ұстаушыларының тізілімінде тіркелген тұлға акциялардың номиналды ұстаушысы болса, осы номинал ұстаушының клиенттеріне дауыс беруге арналған бюллетеньдер бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамамен белгіленген тәртіпте және мерзімде жіберіледі. Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға: пошта байланысының құралдары қолданылған кезде - акционерлердің жалпы жиналысы өткізілген күнге дейін күнтізбелік қырық бес күннен кешіктірілмей; хабарлама электрондық тәсілмен жіберілген немесе ол қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған кезде - акционерлердің жалпы жиналысы өткізілген күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей жіберілуге тиіс. Акционерлерінің саны жүз және одан көп қоғамда сырттай дауыс беру кезінде осы қоғам қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламамен бірге акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді жариялауға міндетті. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру нәтижелеріне әсер ету мақсатында

дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жекелеген акционерлерге жіберуге құқықсыз.

10.20. Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде келесі талаптар сақталуы керек:

- 1) күн тәртібінің мәселелері бойынша шешім қабылдау үшін бірыңғай нысандағы бюллетеньдерді қолдану;
- 2) дауыс беруге арналған бюллетень келесілерді қамтуы керек:
 - Қоғамның толық атауы және атқарушы органының орналасқан жері;
 - жиналысты шақыру туралы бастама көтерген тұлға туралы мәліметтер;
 - сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер берілетін соңғы күн;
 - акционердің жалпы жиналысы жабылатын күн;
 - акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
 - акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі, Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелерді қамтитын болса, сайлауға ұсынылған кандидаттардың аты- жөндері;
 - дауыс берілетін мәселелер тұжырымдамасы;
 - «қолдаймын», «қарсымын», «қалыс қаламын» сөздерімен білдірілген акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру үлгілері;
 - күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібін түсіндіру.

10.21. Дауыстарды есептеу кезінде дауыс берудің ықтимал үлгілерінің бірі ғана қалдырылған мәселелер бойынша дауыстар есепке алынады. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге жеке тұлға - акционер (жеке тұлға - акционердің өкілі) жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсетіп, қолын қояды. Заңды тұлға - акционердің сырттай дауыс беруіне арналған бюллетенге оның басшысы (заңды тұлға - акционердің өкілі) қол қоюға тиіс. Акционердің өкілі сырттай дауыс беру үшін бюллетеньге қол қойған жағдайда, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер өкілінің өкілеттілігін растайтын сенімхаттың немесе өзге құжаттың көшірмесі қоса беріледі. Жеке тұлға - акционердің не заңды тұлға - акционер басшысының немесе жеке тұлға - акционер өкілінің не заңды тұлға - акционер өкілінің қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз деп есептеледі.

10.22. Қоғам жалпы жиналыс қатысушыларын тіркеу кезінде алынған бюллетеньдер дауыс беруге қатысады. Сырттай дауыс беру нысанында қабылданатын шешімдер акционерлердің жалпы жиналысын өткізу үшін қажетті кворум сақталғанда күші болады.

10.23. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру «бір акция - бір дауыс» принципі бойынша жүзеге асырылады. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру ашық және құпия дауыс беру арқылы (бюллетеньдер бойынша) өткізілуі мүмкін.

10.24. Барлық дауыс беретін акциялары жалғыз акционерге тиесілі Қоғамда акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. Осы Қоғамның жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді мұндай акционер жеке-дара қабылдайды және бұл шешімдер жазбаша түрде ресімделуге тиіс.

11. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

11.1. Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелердің шешімінен басқа Қоғам қызметіне жалпы басшылық жасайды. Директорлар кеңесінің сандық құрамы 3 (үш) адамнан кем болмау керек. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің кем дегенде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуы керек.

Осы Жарғымен белгіленген шекте Қоғамның Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе Қоғамның даму жоспарын бекіту;
- 2) Қоғам акционерлерінің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) Қазақстан Республикасы Заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның акцияларын орналастыру (тарату) туралы және жарияланған акциялардың саны шегінде оларды орналастыру (тарату) саны, орналастыру (тарату) әдісі және бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып

- алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржы есебін алдын-ала бекіту;
 - 6) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
 - 7) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
 - 8) Атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін (атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамды) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 9) Атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;
 - 10) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
 - 11) Корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;
 - 12) Қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
 - 13) қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
 - 14) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
 - 15) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімдерін қабылдау;
 - 16) Акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
 - 17) Қоғам міндеттемелерін меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын көлемге дейін ұлғайту;
 - 18) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпияны құрайтын ақпаратты анықтау;
 - 19) жасасу туралы шешім Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және Қоғам жасауға мүдделі мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;
 - 20) заңнамамен және Қоғамның, ішкі құжаттарымен қарастырылған, акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын басқа да мәселелер.
- Директорлар кеңесі:
- 1) мүдделердің ықтимал қақтығысын, оның ішінде Қоғам меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасқан кезде асыра пайдалануды лауазымды адамдар мен акционерлер деңгейінде қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюға;
 - 2) Қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

11.2. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер Қоғамның атқарушы органының шешуі үшін берілмейді.

11.3. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысымен сайланады және осы Жарғымен қарастырылған тәртіпте Қоғамның Директорлар кеңесінің ертеректе сайланған мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтаған жағдайда Акционерлердің жалпы жиналысымен қайта сайланады. Директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидат сайлауға түсетін жағдайды қоспағанда, акционерлер Директорлар кеңесінің

мүшелерін сайлауды дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдалана отырып, кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің мүшелері:

- 1) акционерлер - жеке адамдар;
- 2) Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) адамдар;
- 3) Қоғамның акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке адамдар арасынан сайланады.

Заңды тұлға Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды.

- 11.4.** Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлға «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2-шілдедегі №461-ІІ Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген талаптарға сәйкес болуы керек.
- 11.5.** Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің отырысында Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен құпия дауыс беру арқылы сайланады. Директорлар кеңесі кез келген уақытта төрағасын/төрайымын қайта сайлауға құқылы.
- 11.6.** Директорлар кеңесінің отырысы төрағаның/төрайымның немесе атқарушы органның бастамасымен немесе келесілердің талап етуімен шақырылады:
 - 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
 - 2) Қоғамның, ішкі аудит қызметінің;
 - 3) Қоғам аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымның;
 - 4) ірі акционердің.
- 11.7.** Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына/төрайымына Директорлар кеңесі отырысының болжамды күн тәртібі қамтылған тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы/төрайымы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы аталған талаппен атқарушы органға баруға құқылы. Атқарушы орган Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті болады.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе атқарушы орган шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей шақыруы керек.

Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.
- 11.8.** Директорлар кеңесінің төрағасы/төрайымы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ осы Жарғымен белгіленген басқа да функцияларды атқарады. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы/төрайымы болмағанда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі атқарады. Дауыстар саны тең болған кезде шешуші дауыс Директорлар кеңесі төрағасына немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адамға тиесілі.
- 11.9.** Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің кем дегенде жартысы болуы керек. Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы Жарғымен қарастырылған кворумға жеткіліксіз болғанда Директорлар кеңесі жаңа мүшелерін сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Қоғамның Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.
- 11.10.** Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Заңнамамен басқаша қарастырылмаса, Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Қоғамның Директорлар кеңесінің бір мүшесінің Қоғамның Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне дауыстарын беруіне тыйым салынады.
- 11.11.** Директорлар кеңесі өз қарауына ұсынылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдай алады және осындай шешімдерді қабылдау тәртібін белгілей алады. Директорлар кеңесі отырысының сырттай отырысының шешімі жазбаша рәсімделуге тиіс және Директорлар кеңесінің төрағасы/төрайымы мен Директорлар кеңесінің хатшысының қолы болғанда күші бар деп танылады.
- 11.12.** Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің мынадай мәселелер жөніндегі Комитеттері құрылады:
 - 1) стратегиялық жоспарлау және әлеуметтік мәселелер;

2) Ішкі аудит;

- 11.13.** Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады. Директорлар кеңесі Комитеттерінің төрағалары тәуелсіз директорлар болып табылады.
- 11.14.** Директорлар кеңесі Комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжатында белгіленеді.

12. АТҚАРУШЫ ОРГАН - БАСҚАРМА

- 12.1.** Қоғамның ағымдағы қызметіне алқалық атқарушы орган - Басқарма басшылық жасайды.
- 12.2.** Басқарма заңнамамен және Қоғам Жарғысымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған, Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.
- 12.3.** Басқарма акционерлердің Жалпы жиналысы мен Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.
- 12.4.** Басқарма мүшелерінің сандық құрамы мен өкілеттіктер мерзімі Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады.
- 12.5.** Акционерлер және акционер болып табылмайтын Қоғамның жұмыскерлері Басқарма мүшелері бола алады. Басқарма мүшесі Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.
- 12.6.** Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен, Қоғамның ішкі құжаттарымен, сондай-ақ аталған тұлғаның Қоғаммен жасаған еңбек шартымен анықталады.
- 12.7.** Басқарма Төрағасымен/Төрайымымен жасалатын еңбек шартына Қоғамның атынан Директорлар кеңесінің Төрағасы/Төрайымы немесе акционерлердің Жалпы жиналысы немесе Директорлар кеңесі өкілеттік берген тұлға қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен жасалатын еңбек шартына Қоғам Басқармасының Төрағасы/Төрайымы қол қояды.
- 12.8.** Басқарма отырысы төрағаның/төрайымның бастамасымен немесе келесілердің талап етуі бойынша шақырылады:
- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
 - 2) Қоғамның ішкі аудит қызметі басшысының;
 - 3) Басқарманың кез келген мүшесінің;
 - 4) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері басшыларының ұсынысы бойынша.
- 12.9.** Басқарма отырысын өткізу туралы талап Басқарма Төрағасына/Төрайымына Басқарма отырысының ұсынылған күн тәртібі қамтылған жазбаша тиісті хабарламаны жіберу арқылы ұсынылады.
- Басқарма отырысын Басқарма Төрағасы/Төрайымы шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей шақыруы керек.
- Басқарма отырысы аталған талапты қойған тұлға міндетті түрде шақырылып өткізіледі.
- 12.10.** Басқарма отырыстары қажет болуына қарай немесе Жарғының 12.8 тармағында аталған тұлғалардың бірінің талап етуімен өткізіледі. Отырыста Басқарма Төрағасы/Төрайымы, ал ол болмағанда Басқарма Төрағасының/Төрайымының бұйрығымен Басқарма Төрағасының міндетін атқарушы ретінде анықталған Басқарма мүшесі төрағалық/төрайымдық етеді.
- 12.11.** Отырыста Басқарма мүшелерінің кем дегенде 2/3 қатысса, Басқарма шешім қабылдауға құқықтық қабілетті болады.
- Басқарманың шешімдері отырысқа қатысқан Басқарма мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Басқарма мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда Қоғам Басқармасының Төрағасына/Төрайымына шешуші дауыс беру құқығы тиесілі болады.
- 12.12.** Басқарма Төрағасы/Төрайымы:
- 1) Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
 - 2) Үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
 - 3) Үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғамды танытуға құқық беретін сенімхаттар береді;
 - 4) Қоғам жұмыскерлерін жұмысқа қабылдайды, ауыстырады және шығарады (бұған Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайлар жатпайды), оларға

ынталандыру және тәртібі үшін жазалау шараларын қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам жұмыскерлерінің, лауазымдық жалақыларының, жеке қосымша ақыларының мөлшерлерін анықтайды, Қоғамның атқарушы органы мен Ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін жұмыскерлерден басқа Қоғам жұмыскерлеріне төленетін сыйақы мөлшерлерін анықтайды;

- 5) өзі болмағанда өз міндеттерін Басқарма мүшелерінің біріне артады;
- 6) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершіліктер аясын бөледі;
- 7) Осы Жарғымен, акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің шешімдерімен анықталған басқа функцияларды атқарады.

12.13. Басқарма Төрағасының/Төрайымының шешімдері өкімдермен және бұйрықтармен рәсімделеді.

13. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

13.1. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасау үшін акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен Қоғамның Ішкі аудит қызметі құрылады. Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібі, Қоғамның ішкі аудит қызметінің жұмыскерлеріне төленетін еңбекақы және сыйақы мөлшері, төлеу шарттары Қоғамның Директорлар кеңесімен белгіленеді.

13.2. Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды. Қоғам басқармасының мүшелері Қоғамның ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері бола алмайды.

13.3. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

14. ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТ БЕРУІ

14.1. Қоғам «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында жария етуге міндетті (2019 ж. 1-шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі).

14.2. Қоғам осындай ақпаратты қамтыған жазбаша хабарламаларды Қоғам акционерлеріне жіберу арқылы Қоғам акционерлеріне қосымша хабарлауға құқылы.

14.3. «Алтын акция» иегері Қоғамның фирмалық бланкінде тиісті жазбаша хабарламаны жіберу арқылы хабардар болады.

15. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖӘНЕ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫНЫҢ АФФИЛИИРЛЕНГЕН ТҮЛҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ БЕРУ ТӘРТІБІ

15.1. Заңнама талаптарына сәйкес Қоғам өз аффилиирленген тұлғаларының есебін жүргізуге міндетті. Осы мақсатта акционерлер, сондай-ақ Қоғамның лауазымды тұлғалары аффилирлігі туындаған күннен бастап жеті күн ішінде Қоғамға жазбаша түрде өз аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтер беруге міндетті.

16. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

16.1. Қоғамды қайта құру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, өзгерту) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Акционерлік Қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13-мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген ерекшеліктер есепке алына отырып жүзеге асырылады.

16.2. Қоғамды бөлу немесе бөліп шығару жолымен қайта құру кезінде қайта құрылатын Қоғамның несие берушілері қарызгері Қоғам болып табылатын міндеттемелерді мерзімінен бұрын тоқтатып, шығындарды өтеуді талап етуге құқылы.

16.3. Қайта құру жағдайында Қоғам өз қызметін тоқтатын болса, оның жарияланған, соның ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жойылуға тиіс.

16.4. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамды ерікті түрде тарату туралы шешім қабылдайды, ол несие берушілермен келісе отырып және олардың бақылауында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тарату процедурасын анықтайды. Ірі

- акционер Қоғамның тарату комиссиясының құрамына өкілін кіргізуге құқылы.
- 16.5. Қоғам Қазақстан Республикасының заң актілерімен қарастырылған жағдайларда еркінен тыс таратылады.
 - 16.6. Қазақстан Республикасының заң актілерімен басқаша қарастырылмаса, мүдделі тұлғалар сотқа Қоғамды тарату туралы талап қоя алады.
 - 16.7. Соттың немесе Қоғамның жалпы жиналысының шешімімен тарату комиссиясы тағайындалады.
 - 16.8. Қоғамды тарату процедурасы және несие берушілерінің талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

17. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 17.1. Осы Жарғының ережелерінің бірі заңды күшінен айрылса, бұл қалған ережелерге қатысты болмайды. Күші жоқ ереже заңи жол берілетін және қатынастарды реттейтін басқа ережемен ауыстырылады.
- 17.2. Жарғының өзгертулері мен толықтырулары жазбаша рәсімделеді.
- 17.3. Қоғам қызметіне қатысты, осы Жарғыда баяндалмаған мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

Уәкілетті тұлға 2018 жылдың «03» қазандағы Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі негізінде жұмыс істейтін

Ержан Тасболатович Колдасов
Басқарма төрағасы

Ержан Тасболатович Колдасов

Республика Казахстан, г. Алматы, пятое октября 2018 года

Я, Сағалиева Наслизат Халеловна, частный нотариус г. Алматы, действующая на основании лицензии за номером 140169 от 28 октября 2014 года выданной Министерством юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность подписи уполномоченного лица Акционерного общества «Инвестиционный дом «FINCRAFT» гр. Колдасова Ержана Тасболатовича, действующего на основании решения единственного акционера, которая сделана в моем присутствии. Личность установлена, а также правоспособность АО «Инвестиционный дом «Fincraft» проверена.

Зарегистрировано в реестре за № 967

Взыскано: 2646

Нотариус



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
МЕДЕУ АУДАНДЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
НӨМІРЛЕНГЕН, ТІПІЛГЕН ЖӘНЕ МӨР
БАСЫЛГАНЫ БАЙЛЫҒЫ 30 ЛАРПАҚ
2018 ж. «12» 10
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ МЕДЕУСКОГО РАЙОНА
БІРЕГЕ ПРОНУМЕРОВАНО, ПРОШНУРОВАНО И
СКРЕПЛЕНО ПЕЧАТЬЮ НА 30 ЛИСТАХ
«12» 10 2018



Прошито и пронумеровано
на 30 (тридцать) листах.
Нотариус